



## ӨЗБЕКСТАННЫҢ ЖАҢА ҚАЛАЛЫҚ САЯСАТЫ

2019 жылдың I маусымынан бастап Өзбекстанда Министрлер кабинетінің қаулысымен бекітілген Экономика және индустрия министрлігі жанындағы Урбанизация жөніндегі агенттік туралы резолюциясы күшіне енді. Агенттік урбанизацияға қатысты мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға, индустриаландыру, экономикалық және әлеуметтік саясат, еңбек ресурстарын басқару, қалалық жоспарлау және т.б. үрдістерді реттеу және демографиялық үрдістер туралы болжамдар жасау жұмыстарына ат салысатын болады. Урбанизацияның негізгі бағыттарын анықтайтын және мемлекеттің қалалық аймақтарды кешеді дамытудағы көздейтін негізгі мақсаттарды қамтитын «Урбанизация үдерістерін түбегейлі жақсарту бойынша шаралар» қаулысын Өзбекстан президенті 2019 жылдың қаңтарында қабылдаған болатын. Бұдан басқа, құжатта қалалық саясатқа қатысты қаржылық мәселелерді реттеуге арналған экономика және өнеркәсіп министрлігінің жанынан қалалықты дамыту жөніндегі қор құрылды. Олардың міндеттеріне жер учаскелерін жекешелендіруден алынған, ипотека жасау, қалалық және қала маңы аймақтарын дамыту жобаларын қаржыландыру, сондай-ақ, қажетті инфрақұрылымдық жобалар, нысандар және т.б. істерді жүзеге асыру кіреді.

Өзбекстан үкіметінің қазіргі түсінігінде урбанизация Өзбекстанның әлеуметтік-экономикалық дамуын қалыптастыратын маңызды факторлардың бірі болып табылады. Қазіргі уақытта Өзбекстан халқының 50,6%-ы қалалық аймақтарда тұрады және бұл көрсеткіш басқа көрші елдермен салыстырғанда төмен. Алайда, Өзбекстан урбанизация жылдамдығы жоғары, БҰҰ болжамы бойынша 2030 жылға қарай Өзбекстан халқының 60%-ы қалаларда тұратын болады. Көптеген елдерде урбанизация үрдісі қарқынды экономикалық өсумен бірге жүрді. Мәселен, 1960-2004 жылдар аралығында Қытайдағы урбанизацияның деңгейінің 16%-дан 39%-ға дейін өсуі жан басына шаққанда ЖІӨ-нің он есе артуына алып келді. Бразилияда 1960 және 2003 жылдар аралығында урбанизацияның 45%-дан 83%-ға дейін өсуі жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің үш есе өсуін қамтамасыз етті. Урбанизацияны ынталандырудың экономикалық негіздемесі ауқымды үнемдеу мен концентрацияның әсері арқылы экономикалық өсуді ынталандыру болып табылады. Еңбек өнімділігі географиялық тұрғыдан еңбек күшінің ауылдық жерлерден капиталдың еңбек күшіне қатынасы жоғары қалаларға қоныстанған кезде өседі.

1991 жылдан бастап Өзбекстанның қалалық тұрғындарының үлесі 1991 жылғы 40,3%-дан 2018 жылы 50,6%-ға дейін тез артуы, Өзбекстанды урбанизация бойынша Орталық Азиядағы Қазақстаннан (57,4%) кейінгі екінші орынға шығарды.

Бір қызығы, 2010 жылдан кейін урбанизацияның іс жүзінде одан әрі өсуі байқалмады. Сонымен қатар, 2009 жылдан бастап 2018 жылға дейін 13 облыстың 10-ында урбанизация деңгейі азайып, 51,7%-дан 50,6%-ға дейін аздап төмендеді. Бұның себептердің бірі бұрынғы урбанизация негізінен ауылдық жерлерден қалаларға ауысқанымен емес, елді мекендердің қала дәрежесіне өтуі арқылы жүзеге асырылғандығы мен жалпы қалалар санының айтарлықтай артпауы. Алайда, БҰҰ болжамдарына сәйкес 2030 жылдан кейін урбанизация қарқыны қайтадан артады және 2050 жылға қарай Өзбекстандағы қала тұрғындарының үлесі 61,5%-ға жетеді деп күтілуде.

Өзбекстанның ресми статистикасына сәйкес, Өзбекстанның 119 елді мекен қала статусына ие. Алайда, қалалардың үштен екісі шағын қалалар, олардың 82-інде 50 мыңға жетпес тұрғындар тұрады. Олардың 21-інде 50-100 мың тұрғын бар. 11 қалада 100-250 мың халық бар және бесеуінде - 250-500 мың адам тұрады. 2,4 млн. адам тұрғыны бар Ташкент қаласына жалпы елдің халық санының 7,4%-ы және Өзбекстандағы қала халқының төрттен бірі тиесілі. Демек, Ташкент демографиялық тұрғыдан ғана емес, сондай-ақ ұлттық ЖІӨ-нің 13%-дан астамын өндіретін экономикалық басымдықты ие болып табылады. Демографиялық тұрғыдан алғанда, басқа қалалармен салыстырғанда, басымдылыққа ие болатын және халық саны өте жылдам артып отыратын бір қаланың болуы көптеген дамушы елдерге тән құбылыс. Алайда Өзбекстан үшін мұндай жағдайдың жоқтығы танқаларлық. Ташкенттің халқы 2005-2018 жылдары 2,14 миллионнан 2,48 миллионға дейін өскенімен, оның халқы Өзбекстан халқының жалпы санынан баяу өсті. Осылайша Өзбекстан халқының Ташкенттегі үлесі тіпті 8,1%-дан 7,5%-ға дейін қысқарды, ал оның Өзбекстанның қала халқындағы үлесі 16,6%-дан 15,5%-ға дейін төмендеді. Екінші жағынан, 2005-2014 жж. Ферғана (43,6%), Самарканд (40,9%) және Маргилан (30,5%) сияқты басқа ірі қалаларда халықтың қарқынды өсуі байқалды. Халық саны 200 мыңнан асқан басқа ірі қалалар 2005-2014 жылдары Елордаға қарағанда әлдеқайда жылдам өсті. Бұлар Наманган (16,5%), Қоқан (14,7%), Бухара (14,6%), Андижан (14,6%) және Нукус (14,4%). Осылайша, соңғы 10-15 жылда 200 мыңнан астам халқы бар барлық қалалардың Ташкент қаласына қарағанда демографиялық тұрғыдан тезірек өскенін байқаймыз.

Өзбекстанның урбанизациясын ынталандырудың экономикалық мәні айқын. Соңғы екі онжылдықтағы статистикалық деректерге қарай отырып, Өзбекстанда урбанизацияның айтарлықтай қарқынды түрде жүргенін байқаймыз. Бұл үдерістің екі негізгі арнасы бар. Біріншісі - қала-

лық елді мекендер санының өсуі жартылай ауылдық елді мекендердің қалаларға айналдырылуының арқасында жүзеге асты. Екіншісі 10-15 жылда 200 мың адамнан асатын ірі қалалардағы халықтың жалпы мемлекеттегі халық санына қарағанда тезірек өсуі және ауылдық жерлерден қалаларға көшу процесінің болғандығы.

Өзбекстанда урбанизация саясатының басты мақсаты - салыстырмалы түрде капитал деңгейі жоғары қалалық аудандарда еңбек ресурстарының шоғырландыру арқылы Өзбекстанның экономикалық өсуін ынталандыру. Статистикалық деректер 2005 жылдан бастап Ташкент қаласына қарағанда Өзбекстанның халық саны 200 мыңнан асатын басқа қалаларының тезірек өсуі байқалады. Бұл ауылды аймақтардан жаңадан келгендер үшін Ташкент сияқты ірі қалаға қарағанда басқа ірі қалалар қолжетімді екенін көрсетеді. Өзбекстан Орталық Азиядағы салыстырмалы түрде урбанизацияның арту көлемінің ең жоғары көрсеткішіне ие. 2005 жылдан 2015 жылға дейін Өзбекстанның қалалық халқы 2,8 млн. адамға артты. Бұл өсім Қазақстанға қарағанда екі есе жоғары және бүкіл Орталық Азиядағы жалпы қалалық халық саны өсімінің жартысынан көбі. Өзбекстан халқының жартысы әлі де ауылдық жерлерде тұрады, сондықтан жақын арада урбанизация үшін үлкен қор бар. Бұдан басқа, Өзбекстанда көршілес Орталық Азия мемлекеттерімен салыстырғанда, басқа да факторлар Өзбекстанда урбанизацияның жоғары деңгейін жобалауға негіз болады. Өзбекстан Орталық Азиядағы ең көп халқы бар басқа ел болып қана қоймай, көршілес елдерге қарағанда, ірі қалаларға көшуге көбірек бейімділік білдіретін, жас халқының үлесі көп мемлекет болып табылады. Өзбекстандағы бір шаршы километрге шаққанда 73,3 адамды құрайтын жоғары халықтың тығыздығы - урбанизацияны ынталандыруда үлкен рөл атқаратын тағы бір фактор. Өзбекстанның ауыл халқының 90%-дан астамы халық саны 200 мың адамнан асатын қалалардан 200 км қашықтықтан аспайтын манайда тұрады. Сондықтан, Өзбекстан ауыл тұрғындары үшін қалаларға көшу шағындарының салыстырмалы түрде аз болуы оларды көшуге көбірек бейімді етеді.

Өзбекстанда қарқынды урбанизация үшін қажетті әлеуметтік-экономикалық және географиялық жағдайлар бар. Басқа елдердің тәжірибесі көрсеткендей, халықтың урбанизациясы сапалы өзгерістерге әкелуі мүмкін, өйткені ол қосымша экономикалық өсімді қамтамасыз етеді, сондай-ақ қосымша еңбек күші біртіндеп аз өнімді шикізаттық сектордан капиталды көп қажет ететін өндіріс немесе қызмет көрсету секторына ауысады. Дегенмен, Өзбекстандағы урбанизация жөніндегі агенттіктің жұмысының табысы жалпы бағдарламаның жүзеге асырылуына тәуелді болады және бұл саладағы қателер теріс нәтижелерге әкелуі мүмкін.

Жазушы: Қанат Маханов,

Еуразия ғылыми-зерттеу институты, Қазақстан

## Саясат, сыртқы қатынастар және қауіпсіздік

- Қазақстан Сыртқы істер министрі Бейбіт Атамқұлов АҚШ-қа ресми сапары барысында АҚШ Президентінің ұлттық қауіпсіздік жөніндегі кеңесшісі Джон Болтонмен және Мемлекеттік хатшы Майкл Помпеомен кездесті. Кездесу барысында тараптар екіжақты күн тәртібіндегі негізгі мәселелер мен екі ел арасындағы кеңейтілген стратегиялық серіктестікті дамыту мәселелерін қарастырды. Сонымен қатар, министр Атамқұлов АҚШ-Қазақстан бизнес қауымдастығының мүшелерімен және ірі АҚШ компанияларының басшыларымен кездесті.
- Алматыда Қазақстан-Өзбекстан бірлескен демаркация комиссиясының кезекті отырысы өтті. Келіссөздер барысында тараптар мемлекетаралық шекараны демаркациялау бойынша қорығынды құжаттардың жобаларын дайындау жұмыстарын жалғастырды және шекараның жекелеген учаскелерінде далалық демаркациялау іс-шараларын бастаудың нақты мерзімдері туралы уағдаласты.
- Мәскеуде Әзербайжан мен Ресей сыртқы істер министрліктерінің өкілдері Каспий теңізі мәселелері бойынша екіжақты консультациялар өткізді. Тараптар Каспий теңізі бойынша Жоғары деңгейдегі жұмыс тобының кезекті отырысының күн тәртібіндегі мәселелерді талқылады және Каспий теңізіндегі бастапқы тік сызықтарды анықтау әдістемесі туралы келісім жобасының шешілмеген мәселелері бойынша пікір алмасты.
- Еуропа одағының (ЕО) Сыртқы істер және қауіпсіздік саясаты жөніндегі жоғарғы өкілі Федерика Могерини Ашхабадқа сапары барысында Түрікменстан сыртқы істер министрі Рашид Мередовпен келіссөздер өткізді. Тараптар екіжақты саяси үнқатысудың жетістіктері мен өзара ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын талқылады және Түрікменстанда ЕО делегациясын құру туралы келісімге қол қойды.
- Орталық Азияның бес мемлекетінің сыртқы істер министрлері және ЕО Сыртқы істер және қауіпсіздік саясаты жөніндегі жоғарғы өкілі Федерика Могерини Бішкекте өткен ЕО-Орталық Азия сыртқы істер министрлерінің 15-ші отырысына қатысты. Қатысушылар ЕО-ның Орталық Азия бойынша жаңа стратегиясын құптады және аймақтың қазіргі оң динамикасына негізделген күшті, әртарапандырылған және болашаққа бағытталған серіктестікті құруға ортақ міндеттемелерін тағы бір мәрте растады.
- Тәжікстан мен Ресей дипломаттары Душанбеде Ауғанстан бойынша екіжақты ынтымақтастықты талқылау үшін консультациялар өткізді. Кездесу барысында аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, Ауғанстандағы қазіргі жағдай, халықаралық терроризм мен экстремизмге қарсы күрес, сондай-ақ халықаралық және аймақтық ұйымдар шеңберінде Тәжікстан мен Ресей арасындағы өзара іс-қимылды одан әрі кеңейту мәселелері талқыланды.
- Канаданың Торонто қаласында III Халықаралық Украина реформасы конференциясы өтті, онда Украинаның реформалар үдерісі және оның еуроатлантикалық интеграцияға апаратын жолы талқыланды. Украина үкіметі ұйымдастырған шараға 800-ден астам қатысушы, оның ішінде сыртқы істер министрлері, халықаралық институттардың басшылары, парламент мүшелері, жеке сектордың, азаматтық қоғам мен ғылыми орталықтардың өкілдері қатысты.

## Экономика, қаржы және энергия

- Нұр-Сұлтандағы «Астана» халықаралық қаржы орталығында Түркі кеңесі елдерінің экономика істері жөніндегі министрлерінің 9-шы отырысы өтті. Делегациялар экономикалық ынтымақтастық туралы өзара түсіністік туралы меморандумдардың орындалуы барысымен танысты, Түркі инвестициялық қорын құру және оның жарғысы туралы келісім жобасын және жаңадан құрылған Түркі сауда-өнеркәсіп палатасына қатысты мәселелерді талқылады.
- Ыстамбұлда Азия даму банкі мен Түркияның Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі ұйымдастырған Энергетикалық реформалар жөніндегі екінші Орта Азиялық конференцияға Орталық Азия мемлекеттері мен Ауғанстанның энергетика саласындағы лауазымды тұлғалары және мемлекеттік энергетикалық компанияларының басшылары қатысты. Іс-шараға қатысушылар энергетикалық реформалар және электр энергиясының бірыңғай нарығын құру саласындағы аймақтық ынтымақтастық туралы бірлескен декларация қабылдады.
- Әзербайжанның SOCAR мемлекеттік мұнай компаниясы мұнай-газ құбырының Әзербайжан учаскесін 2019 жылдың наурыз айында жоспарлы жөндеуге тоқтатқаннан кейін Баку-Новороссийск мұнай құбыры арқылы мұнай тасымалдауды қалпына келтірді. 2019 жылы осы бағыт бойынша тасымалданып мұнай көлемі 1,3 млн. тонна деңгейінде өзгеріссіз қалады деп күтілуде.
- Ресейдің «Газпром» компаниясы 2024 жылдың 30 маусымына дейін бес жыл мерзімге Түрікменстанның «Түрікменгаз» ұлттық компаниясынан табиғи газ сатып алу туралы келісімшартқа қол қойды. 2019 жылдың 15 сәуірінде 30 маусымына дейінгі кезеңді қамтитын қысқа мерзімді келісімшарттың жалғасы болып табылатын келісімшартқа сәйкес, «Газпромға» жеткізілетін түрікмен газының жылдық көлемі 5,5 млрд. текше метрді құрайды.
- Душанбеде сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі тәжік-ауған комиссиясының екі күндік отырысы өтті. Екі елдің ресми тұлғалары сауда, туризм, денсаулық сақтау, ғылым және білім саласындағы екіжақты ынтымақтастық мүмкіндіктерін талқылады. Тараптар сонымен бірге, қоршаған ортаны қорғау және табиғи апаттар салдарын азайтуға қатысты мәселелерді талқылады.
- Өзбекстан Премьер-министрі Абдулла Арипов Ауғанстанның Мазари-Шариф қаласында Ауғанстанның атқарушы билігінің басшысы Абдулла Абдулламен кездесіп, екіжақты экономикалық ынтымақтастық мәселелерін талқылады. Атап айтқанда, өзбек тарапы Өзбекстанның Бұхара облысындағы Сарханнан Ауғанстанның Бағлан провинциясының орталығы Пули Хумриге дейін электр жеткізу желісінің құрылысына 45 млн. доллар бөлуге уәде берді.
- Алматыда Қазақстанда алғаш рет құрастырылған өзбекстандық Ravon Nexia R3 автомобильдерінің тұсауесері өтті. Компания 2019 жылы Қазақстанда 16 мың Ravon R3 автомобилін шығаруды жоспарлап отыр, оның 6 мыңы жергілікті нарыққа ұсыныла, 10 мыңы негізінен Ресейге экспортталатын болады.

## Қоғам және мәдениет

- Қырғызстанның Дін істері жөніндегі мемлекеттік комиссиясы мен БҰҰ-ның Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасы зорлықты экстремизмге қарсы күрес және оның алдын алу бойынша Орталық Азия желісінің аймақтық отырысын өткізді. Орталық Азия елдерінен келген желі мүшелері оның қызметін одан әрі нығайтудың перспективаларын, сондай-ақ қоғамдастықтармен серіктестік пен ведомстволық ынтымақтастықты кеңейтудің маңыздылығын талқылады.
- Бішкекте Еуропа одағының Орталық Азиядағы SWITCH-Asia бағдарламасының тұсауескері өтті. Азияда тұрақты тұтыну мен өндірісті және жасыл экономикаға көшуді қолдайтын бағдарлама сараптамалық көмек мен гранттар беру арқылы аймақтағы тұрақты тұтыну мен өндірісті жаңа тәсілдерін сынайтын пилоттық жобаларға қолдау көрсететін болады.
- Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйым (ЕКЫҰ) Алматыда соттар мен бұқаралық ақпарат құралдары арасындағы үнқатысу мен ынтымақтастықты кеңейту бойынша қатарынан екі оқу семинарын ұйымдастырды. Семинарлар тиімді байланыс стратегиялары сияқты тақырыптарды, сондай-ақ түрлі арналар арқылы журналистермен және жұртшылықпен қарым-қатынас жасаудың озық тәжірибелерін қамтыды. Бұған қоса, іс-шаралар аясында жаңа медиа құралдары мен әлеуметтік желілерді пайдалану бойынша отырыс өтті.
- Дүниежүзілік банктің атқарушы директорылар кеңесі Өзбекстанның әлеуметтік қауіпсіздік саласындағы бағдарламаларының кедей және әлсіз топтарды қолдауға бағытталған Әлеуметтік қорғау жүйесін күшейту жобасына 50 млн. долларлық несиені мақұлдады. Атап айтқанда, жоба бүкіл ел бойынша жұмыспен қамтуды қолдау орталықтарының әлеуетін арттырады және жұмыссыздарға кәсіптік немесе кәсіпкерлік дағдыларды үйретеді.
- Анкарада өткен 8-ші Халықаралық студенттерді дипломмен марапаттау рәсімінде сөз сөйлеген Түркия Президенті Режеп Тайып Ердоған 2023 жылға дейін Түркияның елде білім алып жатқан шетелдік азаматтар санын 150 мың студенттен 200 мыңға дейін арттыру мақсатын білдірді. Сонымен қатар, Ердоған Түркияның білім беру саласындағы өкілдерін Жапониядағы әйелдерге арналған жоғары оқу орындарын үлгі ретінде келтіріп, осыған ұқсас жоғары оқу орындарын Түркияда да ашу бойынша қажетті жұмыстарды бастауға шақырды.
- ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұра комитеті Бакуде өткен 43-ші сессиясында Өзбекстанның Шахрисабз қаласындағы ортағасырлық аудандардың бұзылуына алаңдаушылық білдіргеніне қарамастан, қаланың тарихи орталығын әлемдік мұра тізімінде қалдыру туралы шешім қабылдады. Комитет Өзбекстан үкіметінің қабылдаған шараларын, оның ішінде тарихи қалалардағы барлық құрылыс жұмыстарын тоқтата тұру туралы жарлықтың қабылдануын құптады.
- Қазақстан елордасы Нұр-Сұлтан қаласында Ұлттық Домбыра күні атап өтілді. 2018 жылдан кейін екінші рет шілде айының бірінші жексенбісінде тойланған домбыра мерекесінде жүздеген домбырашы қазақ халық күйлерін шертті, домбыраның сүйемелдеуімен ән айтылып, білгенді. Сондай-ақ, қазақ музыкалық аспаптарының көрмесі өтті.